

## Маңғыстау облысы бойынша 2020 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 36/432 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 маусымда № 4226 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38 бабының 5 тармақшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша 2020 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ә.Қ. Дауылбаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.А. Қашақовқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы*

*М. Дүйсенбаев*

*Н. Тумышев*

Маңғыстау облыстық мәслихатының

2020 жылғы 29 мамырдағы

№ 36/432 шешіміне

қосымша

## Маңғыстау облысы бойынша 2020 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Арнаулы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Ставкалар (теңге)
1	2	3	4
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	58,65
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	1000 текше метр	167,80
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	56,10
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	54,16
5	Су көлігі	1000 текше метр	28,58

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК